**ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY**

# 6B02212 «Отан және дүние жүзі тарихы»
# МОДУЛЬДІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Семей 2022 ж.

Тарих және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар кафедрасы әзірлеген

Тарих және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар кафедрасының отырысында талқыланды және мақұлданды
Хаттама №7   18.02. 2022 _ж.

Гуманитарлық факультеттің сапасы жөніндегі академиялық кеңес отырысында  қаралды және бекітуге ұсынылды
Хаттама № 2   28.02.2022 ж.

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында қайта  қаралды және бекітілді
Хаттама № 1   22.09.2022 ж.

**МАЗМҰНЫ**

1. ТҮСІНДЕРМЕ ХАТ
2. ТҮЛЕК МОДЕЛІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ
3. МОДУЛЬДІК БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫНА КІРЕТІН МОДУЛЬДЕРДІҢ ТІЗБЕСІ ЖӘНЕ СИПАТТАМАСЫ.

## 1.ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

**Білім беру бағдарламасы 6В02212 «Отан және дүние жүзі тарихы»**

Модульдік білім беру бағдарламасы келесі құжаттарға негізделіп құрастырылған:

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары Білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік стандарты;
- ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары;
- ҚР БҒМ бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары № 595. 30.10.2018 ж;
- Модульдік білім беру бағдарламасының құрылымы (Редакция № 3 . 08.10.2021 ж).

Жалпы білім беретін міндетті компоненттер (МК) барлығы 51 кредит, таңдау компоненті (ТК) бойынша- 5 кредитті қамтиды. Оқу барысында түлек ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгереді, қазақ, орыс және шет тілдерінде коммуникация бағдарламаларын құру негізінде бәсекеге қабілетті болашақ маманның дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруға бағытталған, қазақ, орыс және шет тілдерінде тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасау қабілетін дамытады; қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді өз өмірі мен қызметінің барлық салаларындағы технологияларды қалыптастырады; сыни ойлауға және физикалық өзін-өзі жетілдіруге, білім алушылардың экономика және құқық саласындағы білімін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздерін, сондай-ақ кәсіпкерлік дағдыларын қалыптастыруға қабілетті тұлғаны қалыптастырады.

Базалық компонент (БК) блогына ЖОО бойынша міндетті пәндер компоненттері және іс тәжірибелер кіреді - 47 кредит және тандау компоненттер (ТК) -65 кредит енеді. Осы пәндер модульдері жалпы кәсіби компентенциялар комплексін қалыптастырады: терең ғылыми- теориялық және әдістемелік ғылымдарды, тәжірибелік мүмкіндіктер мен тарихи - теориялық дағдыларын қалыптастыру, кәсіптік қасиеттерін қалыптастыру.

Кәсіптендіру пәндер блогына ЖОО бойынша міндетті пәндер компоненті (МК) -25 кредит және тандау компоненттер (ТК) - 35 кредит енеді.Осы пәндер модулі түлектің арнайы компентенцияларды қамтуына негізделген: теориялық және эмпирикалық білімдер енетін кәсіптік қасиеттерін қалыптастыру, тәжірибелік әрекеттер дағдыларын, тарихи білім беру саласында кәсіби білік дағдылары меңгеру, жалпы, арнайы тарихи гуманитарлық, педагогикалық, жаңа әдебиеттерге бағдар жасай білу, ұлттық білім беру жүйесін модернизаиялаудың өзекті міндеттеріне жауап беретін инновациялық, педагогикалық технологияларды меңгеру, теориялық негіздер және тәжірибелік мағына жүйесінің дәлелдемелерін көрсетіп, тапсырмаларды талапқа сай орындау.

Білім беру процесінің аяқталуының белгісі студенттің теориялық оқытудың 240 кредитін игеруі болып табылады. Модульдік білім беру бағдарламасы 23 модульден тұрады.

**6В02212 «Отан және дүние жүзі тарихы» білім беру бағдарламасы** бойынша модульдік білім берудің мақсаты – Отан және дүние жүзі тарихының тарихи кезеңдерін, тарихнамасы мен дерекнамасын меңгертуге, Отан және дүние жүзі тарихын тереңдетіп оқыту арқылы этникалық, саяси, әлеуметтік –экономикалық және мәдени дамуының тарихи кезеңдері бойынша түсінік қалыптастыру, педагогикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарының негіздерін білетін, кәсіби міндеттерді шеше алатын еңбек нарығында бәсекеге қабілетті түлектерді дайындау.

**6В02212 «Отан және дүние жүзі тарихы» білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелер.**

**ON1** Академиялық адалдық қағидаттары мен мәдениетінің мәнін түсіну, кәсіби қызметте қолдану үшін экономикалық, құқықтық ақпаратты жүйелеу, жинақтау, сондай-ақ нарықтық экономика мен кәсіпкерлік мәселелеріне бағдарлану, құқықтық, экономикалық тәртіп құбылыстарын талдау және кәсіпкерлік қызметтің ұйымдық-құқықтық нысандарын білу.

**ON2** Тарих саласында білім мен тарихи түсінігін көрсету, тарихи білімнің ұғымдық аппаратын қолдану, тарихи дамудың жалпы үрдістері контексінде қоғамдық-саяси жүйелерді, мемлекеттік-құқықтық институттарды, экономикалық, әлеуметтік, мәдени процестерді салыстыру.

**ON3** Дүниежүзі және отан тарихының дамуының тарихи серпіні мен кезеңділігін сипаттайтын негізгі фактілерді түсіндіру, тұжырымдамалық-теориялық проблемалар түсінігін әзірлеу, тарихи процестегі жалпы және ерекше мәселелерді айқындау, тарихи заңдылықтарды, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, оларды өз бетінше тұжырымдау.

**ON4** Өркениет пен мемлекеттердің тарихи үлгілерін, мемлекеттік-құқықтық институттардың, мәдениет ошақтарының қалыптасу және даму кезеңдерін, көшпенділіктің тарихи түрлерін, еуразиялық дала өркениетінің қалыптасу және даму кезеңдерін білу және түсіну

**ON5** Тарихи және қазіргі заманғы дереккөздердің ақпаратын жүйелеу және бағалау, тарих ғылымының тарихын зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін меңгеру, Деректанудың негізгі мәселелерін талдау, отан және дүниежүзі тарихының маңызды тарихнамалық мәселелерін негіздеу.

**ON6** Тарихи зерттеу принциптерін білу, жалпы ғылыми, арнайы тарихи әдістерді қолдану, ғылыми талдау технологияларын, зерттеу міндеттерін шешу әдістемесін меңгеру; кешенді ғылыми әдістер негізінде ақпаратты талдау, синтездеу және сыни тұрғыдан түсіну; эмпирикалық материалды жалпылау, жүйелеу; өзіндік зерттеу жұмысының тарихи гипотезасын логикалық растау немесе теріске шығару, ғылыми пікірталас жүргізу, оның ішінде орыс (қазақ), шет тілдерінде меңгеру.

**ON7** Тарихи оқиғаларды, фактілерді, тарихтағы тұлғаларды, әлеуметтік, мәдени дүниетанымдық негіздерін бағалау, отан және әлемдік мәдениеттің құндылықтар жүйесін қалыптастырудың әлеуметтік-тарихи жағдайларын анықтау, мәдени-тарихи дамудың ерекшеліктерін талдау, олардың өзара байланысы мен тарихи сабақтастығын көру, әлеуметтік-саяси дәуірлерді түсіндіру және қоғамдағы рухани мәдениеттің әлеуметтік мақсатын бағалау, дәстүрлерге, қоғамның рухани өміріне құрметпен қарауды қалыптастыру.

**ON8** Мұражайдың, мұрағаттың әлеуметтік-мәдени институт ретінде қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдерін түсіндіру және талдау; мекемелер (мұрағаттар, мұражайлар) қызметінде тарихи-мәдени және тарихи-өлкетану функцияларын меңгеру және қолдану, білім беру мекемесінде өлкетану, мұражай, факультативтік және өзге де қызметті ұйымдастыру; кәсіби міндеттерді шешудің заманауи әдіснамасы мен әдістемесін көрсету;

**ON9** Инновациялық білім беру саясатының міндеттерін іске асыру дағдыларын меңгеру; ұйымдастырушылық-басқарушылық функцияларды іске асырумен байланысты міндеттерді тұжырымдау және шешу; оқу-тәрбие процесінде қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану әдістемесін меңгеру, білім берудің жаңартылған мазмұнына көшуді ескере отырып, тарихи пәндерді оқытуда оқытудың инновациялық технологияларын көрсету, ойлау мәдениетін дамытудың қағидалары мен заңдарын меңгеру.

**ON10** Өз бетінше ақпараттық-танымдық іс-әрекетке қабілеттілігін, оның ішінде тарихи ақпараттың әртүрлі көздерінде бағдарлай білу, оны сыни тұрғыдан бағалау және түсіндіру қабілетін көрсету; ақпаратты өңдеу дағдыларына ие болу (талдау, синтездеу, түсіндіру, бағалау,

дәлелдеу); сыни және шығармашылық ойлау; мақсат қою дағдыларын меңгеру, іс-әрекет тәсілін жоспарлау, таңдау, өз қызметін бақылау, талдау және түзету; логикалық пайымдауды құру, қорытындылар мен тұжырымдар жасау, оның ішінде орыс (қазақ), шет тілдерінде жасау.
**ON11** Тарих курсын оқытуда педагогикалық іс-әрекет негіздерін практикалық қолдану дағдыларын меңгеру, тарихи дамудың саяси, әлеуметтік-мәдени, экономикалық факторларын, сондай-ақ тарихи пәндерді оқыту шеңберінде адами фактор мен өркениеттік құрамдастың рөлін салыстыру, талдау және түсіндіру.
**ON12** Негізгі тұжырымдамалық тәсілдерге, отандық және дүниежүзілік тарихтың өзекті мәселелерін тарихнамалық түсіндіруге сүйене отырып, тарихтың даулы және пікірталас мәселелері туралы өз көзқарасын, пікірін дәлелдеу; тарихи ақпаратты талдау, қорыту;
**ON13** Отан және дүниежүзі тарихының, жаһандық процестердің даму логикасын олардың тарихи шарттылығында түсіну; тарих ғылымы дамуының теориялық және әдіснамалық негіздерін қолдану; мәдени әралуандық пен рухани мұраны белгілеу.
**ON14** Кәсіби бағытталған, оның ішінде ғылыми-техникалық сипаттағы ауызша және жазбаша мәтіндердің функционалдық ерекшеліктерін білу мен түсінуді қолдану; ауызша және жазбаша мәлімдемелерде кәсіби сөйлеуге тән негізгі грамматикалық бірліктерді тану және қолдану; кәсіби қарым-қатынас шеңберінде шет тілдік коммуникацияны жүзеге асыру.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалардың білім алуына арнайы жағдайлар жасау үшін Түлектің құзыреттілік моделі негізгі білім беру бағдарламасының бейімделу сипатын қамтамасыз ететін кәсіби құзыреттермен толықтырылады. Осы мақсатта "Minor" қосымша білім беру бағдарламасы курстарының каталогына ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың аурудың ерекшеліктерін ескере отырып, қоғамда табысты әлеуметтену және еңбек нарығында белсенді бейімделу қабілетін қалыптастыру үшін курстар енгізіледі.

## 2.ТҮЛЕК МОДЕЛІНІҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ

**Жалпы білім беру құзыреті:**
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру, қазақ, орыс және шет тілдерінде коммуникация бағдарламаларын құру, салауатты өмір салтын, өзін-өзі жетілдіруге және кәсіби табысқа бағдарлану негізінде бәсекеге қабілетті болашақ маманның дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруға бағытталған;
- болашақ маманның дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыру негізінде оның жеке басының әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз ететін жалпы құзыреттер жүйесін қалыптастырады;
- қазақ, орыс және шет тілдерінде тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасау қабілетін дамытады;
- өз өмірі мен қызметінің барлық салаларында заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді;
- өмір бойы өзін-өзі дамыту және білім беру дағдыларын қалыптастырады;
- қазіргі әлемде ұтқырлыққа, сыни ойлауға және физикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастырады;

- ғылыми-философиялық таным әдістерімен табиғи-әлеуметтік әлемді ғылыми түсінуді және зерттеуді қамтамасыз ететін философия негіздерін білумен қалыптасқан дүниетанымдық ұстанымдар негізінде қоршаған ортаны бағалау, мифологиялық-діни және ғылыми дүниетанымның мазмұны мен өзіндік ерекшеліктерін ашу;
- Қазақстан тарихының дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтарын, өзіндік ерекшеліктерін терең түсіну және ғылыми талдау негізінде азаматтық ұстанымын көрсету, Қазақстан тарихының негізгі оқиғаларының себептері мен салдарын талдау үшін тарихи сипаттау әдістерін, тәсілдерін пайдалану;
- әлеуметтанудың, саясаттанудың, мәдениеттанудың, психологияның негізгі білімін ескере отырып, тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби коммуникацияның әртүрлі салаларындағы жағдайларды бағалау, әлеуметтік және өндірістік салаларда болып жатқан барлық нәрсені өзіндік бағалауды дәлелдеу, сондай-ақ интегративті процестердің заманауи өнімі ретінде осы ғылымдардың білімін синтездеу;
- ғылыми әдістерді, белгілі бір ғылымды, сондай-ақ бүкіл әлеуметтік-саяси кластерді зерттеу әдістерін қолдану, әдіснаманы, талдауды таңдауды жүзеге асыру және зерттеу нәтижелерін жалпылау;
- қазақстандық қоғамның қоғамдық, іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормалары негізінде өзінің адамгершілік және азаматтық ұстанымын қалыптастыру;
- қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы білімді тәжірибеде қолдануға, жаңа білімді синтездеуге және оны гуманитарлық қоғамдық маңызы бар өнім түрінде ұсынуға;
- тұлғааралық, мәдениетаралық және өндірістік (кәсіптік) қарым-қатынас міндеттерін шешу үшін грамматикалық білім негізінде тілдік және сөйлеу құралдарын пайдалана отырып, қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша нысанда коммуникацияға түсу, сондай-ақ қарым-қатынас жағдайына сәйкес коммуникацияға қатысушылардың ақпаратын, іс-әрекеттерін талдау;
- жеке қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін: интернет-ресурстарды, ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату бойынша мобильді сервистерді пайдалану;
- өзін-өзі дамыту және мансаптық өсу үшін өмір бойы жеке білім беру траекториясын құру, дене шынықтыру әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салтына бағдарлану;
- Қазақстан тарихының негізгі заңдылықтарын, философиялық, әлеуметтік-саяси, экономикалық және құқықтық білім негіздерін, қазақ, орыс және шет тілдеріндегі ауызша және жазбаша нысандағы коммуникацияларды білу және түсіну;
- өзгермелі әлеуметтік-мәдени жағдайларда тиімді әлеуметтену және бейімделу үшін игерілген білімді қолдану, әлеуметтік құбылыстарды, процестер мен проблемаларды сандық және сапалық талдау дағдыларын меңгеру.

**Жалпы кәсіби құзыреттер:**

- ежелгі және ортағасырлық тарих туралы білімді көрсете білуі керек;
- жаңа және қазіргі замандағы тарихи процестің заңдылықтарын талдай білуі керек;
- тәжірибеден пайда алу; алған білімдерінің өзара байланысын ұйымдастыру және оларды ретке келтіру; тарихи ақпаратты талдау, жалпылау;
- ақпарат пен коммуникацияның жаңа технологияларын қолдану; қиындықтарға қарсы тұру; жаңа шешімдер табу;
- тарих ғылымының тарихын зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін меңгеру;

- тарихи оқиғаларды, фактілерді, тарихтағы тұлғаларды, әлеуметтік, мәдени модельдердің дүниетанымдық негіздерін бағалау;
- отандық және әлемдік мәдениеттің құндылықтар жүйесін қалыптастырудың әлеуметтік-тарихи жағдайларын анықтау, мәдени-тарихи дамудың ерекшеліктерін талдау;
- тарих бойынша іргелі білімді тәжірибеде қолдану және оларды пәнаралық тәсіл негізінде қолдану дағдыларын көрсете білуі керек;
- тарихи мәтіндерден әлемдік діндердің тарихи-мәдени, діни ерекшеліктері туралы ақпарат алу, оны танымдық міндеттерді шешу үшін қолдану;
- дүниежүзілік және отандық тарихтың тарихи динамикасы мен даму кезеңділігін сипаттайтын негізгі фактілерді түсіндіру;

**Арнайы құзыреттер:**

- тарихи зерттеу принциптерін білу, жалпы ғылыми, арнайы тарихи әдістерді қолдану.
- қазақ халқының тарихи-мәдени құндылықтары қалыптасқан көпғасырлық тарихты, тарихи-мәдени құндылықтар сабақтастығының проблемаларын, тарихи-мәдени мұраны зерттеу мәселелерін, көшпенділіктің мәдени аспектілерін білуі керек;
- ғылыми талдау технологияларын, зерттеу әдістемесін меңгеру; кешенді ғылыми әдістер негізінде ақпаратты талдау, синтездеу және сыни тұрғыдан түсіну;
- эмпирикалық материалды жалпылау, жүйелеу, өзінің зерттеу жұмысының тарихи гипотезасын логикалық түрде растау немесе жоққа шығару, ғылыми пікірталас жүргізу принциптерін меңгеруі керек;
- тарихи зерттеу принциптерін білу, жалпы ғылыми, арнайы тарихи әдістерді қолдану, ғылыми талдау технологияларын, зерттеу міндеттерін шешу әдістемесін меңгеру.
- қазақ хандығының тарихи дамуының негізгі кезеңдері мен заңдылықтарын, жаңа тұжырымдамалық тәсілдер контекстінде, қазақ ұлтының қалыптасу кезеңдерін, әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени процестерді, қазақ хандығының саяси тарихын, қазақ халқының көшпелі өркениет жүйесіндегі рөлі мен орнын білу;
- деректанудың негізгі проблемаларын талдау, отандық және дүниежүзілік тарихтың маңызды тарихнамалық мәселелерін негіздеу;
- дереккөздерден ақпаратты өз бетінше таңдау; кәсіби қызметке қатысты тапсырмаларды әзірлеу әдістерін меңгеру, топтық пікірталас негізінде топтық шешімдер қабылдау дағдыларын қалыптастыру;
- өлкетану және мұражай ақпараттарының әртүрлі көздерімен жұмыс істеу, өз бетінше білім алу; мұражай терминологиясын дұрыс пайдалану.
- архивтік құжаттармен жұмыс істеу, құжаттардың құндылығына сараптама жүргізу; архивтерді тарихи жадының басқа институттарынан ажырату; архивтердің жекелеген түрлерін бір-бірінен ажырату;
- қазіргі заманғы тарихи деректанудың ғылыми құралдары мен тұжырымдамалық-категориялық аппаратын меңгеру;
- тарихи ақпаратты жинақтай білу; депортацияланған халықтарды босату процесін және оларды репатриациялау мен оңалту проблемаларын талдау;
- оқу процесінде инновациялық технологияларды қолдану;
- жаңа инновациялық технологиялардың педагогикалық әдіснамалық негіздерін меңгеру;

-практикалық міндеттерді шешу үшін ақпаратты қолдану және өңдеу, сақтау, сондай-ақ заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалауды пайдалану;
- педагогикалық қызметтің негізгі аспектілерін анықтай білу; әлеуметтік маңызды мәселелер мен процестерді ғылыми талдау;
- құқықтық тәртіптің этикалық нормаларын, командада жұмыс істеуді, өз көзқарасын дұрыс білдіруді, жаңа шешімдер ұсыну дағдылары мен практикалық білімді меңгеру; әлемнің басқа халықтарының дәстүрлеріне, мәдениетіне құрметпен қарау;

**Кесте 1. 6В02212 Отан және дүние жүзі білім беру бағдарламасы бойынша арнайы құзыреттілігін арттыру барысында пәндерді игеру кезектілігі**

| № | Құзіреттілік | Міндетті, элективті пәндердің тізбесі және реттілігі | | Күтілетін нәтижелер |
|---|---|---|---|---|
| | | Пәндер тізімі | Оқу кезектілігі | |
| 1 | Арнайы құзыреттер | Этнология | 3 семестр | Білу: этностардың пайда болу тарихы, этностардың тарихи эволюциясы, этникалық процестер және бір-бірімен өзара әрекеттесуі және жер бетіндегі этникалық мәдениеттер мен аймақтық өркениеттер тарихы білуі керек.<br>Меңгеру: әлем халықтарының мәдени және тұрмыстық ерекшеліктері туралы жүйелі білімді қолдану, жер шарын мекендейтін халықтардың этникалық тарихы, тілдік, экономикалық-мәдени және антропологиялық классификациясы мәселелерін талдай алуы керек.<br>Дағды: әлемдік және отандық тарихтағы этникалық фактордың рөлі туралы, этнологиядағы теориялық сипат туралы, этнос ұғымы туралы және ғылым дамуы, этногенез мәселелерін, жер халықтарының мәдени-тарихи қатынастарын зерттеу қабілеті қалыптасады. |
| | Арнайы құзыреттер | Қазақстан халықтарының мәдениетінің тарихы | 3 семестр | Білу: Қазақстан халықтарын сипаттаудағы жіктеу тәсілінің қағидаттары, этнологияда қолданылатын негізгі терминдер, этностардың орналасуы жайлы білуі керек.<br>Меңгеру: қазақ халқының халқын сипаттауда жіктеу тәсілінің қағидатын қолдану тәсілін және Қазақстанда тұратын этностардың мәдениеті мен салт дәтүрлерін, тұрмыс тіршілігін сипаттауды меңгеру керек.<br>Дағды: дүниежүзілік және отан тарихының тарихи динамикасы мен даму кезеңділігін сипаттайтын негізгі фактілерді түсіндіру, тұжырымдамалық-теориялық мәселелерді түсіну, тарихи процесті анықтау, тарихи заңдылықтарды, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, оларды дербес тұжырымдау. |
| | Арнайы | Қосалқы тарихи пәндер | 3 семестр | Білу: қосалқы тарихи пәндердің пайда болу және даму тарихы, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2. | құзыреттер | | | олардың қалыптасу кезеңдері қазіргі жағдайы; зерттелетін пәндердің негізгі ұғымдары, олардың ерекшеліктері мен оқу процесінде қолданылуы; әрбір қосалқы тарихи пәннің зерттеу обьектісі мен , қазіргі заманғы тарихи ғылымның құрылымының ерекшеліктері және ондағы қосалқы тарихи пәндердің орны;<br>Меңгеру: қосалқы тарихи пәндерді зерттеудің негізгі әдістерін қолдану, қосалқы тарихи пәндерді зерделеу кезінде алынған мәліметтерді талдау және оларды нақты тарихи процеспен байланыстыру, тарихи проблемаларды талдау, себеп-салдарлық байланыстар орнату; салыстырылатын тарихи процестер мен оқиғалардың ортақ белгілері мен айырмашылықтарын анықтау;<br>Дағды: тарихи зерттеулердің теориясы мен әдістері туралы жалпы кәсіби білімді меңгеру; негізгі тарихи ақпаратты түсіну, сыни тұрғыдан талдау және баяндау қабілеті;оқу-әдістемелік әдебиеттермен, тарихи дерек көздермен жұмыс істеу дағдылары. |
| | Арнайы құзыреттер | Палеография | 3 семестр | Білу: жазу тарихы, оның графикалық формаларының даму заңдылықтары, сондай-ақ ежелгі жазба ескерткіштері, әріптердің, жазбаша белгілердің графикалық формаларының эволюциясы, әріптердің түрлері мен эволюциясы, қысқарту жүйесі және олардың графикалық белгіленуі;<br>Меңгеру: алған білімдерін ғылыми қызметте қолдану, өз бетінше жұмыс істеу; тақырып бойынша материалды жүйелі; нақты тарихи фактілер мен оқиғаларды өз бетінше талдаумен өз тұжырымдарын дәлелдеу; себеп-салдарлық байланыстар орнату; палеографиялық, хронологиялық материалдармен жұмыс істеу.<br>Дағды: дерек көздерден ақпаратты дербес таңдайды; тарих ғылымының ғылыми категориялық-тұжырымдамалық аппаратын қолдану дағдыларын меңгеру. |
| 4 | Арнайы құзыреттер | Мұражайтану | 4 семестр | Білу: негізгі мұражай терминологиясы; мұражайдың функциялары мен міндеттері; мұражайлардың қалыптасу және даму кезеңдері, мұражай заттарын сақтау және экспозициялау ерекшеліктері, мұражайтану негіздерін меңгеру; мұражай ісінің тарихы мен ұйымдастырылуы, мұражайлардағы зерттеу жұмысының принциптері, әдістері; мұражай ісінің теориясы мен әдістемесі;<br>Меңгеру: өлкетану және мұражайтану ақпаратының әртүрлі көздерімен жұмыс істеу, өз бетінше білім алу; мұражай терминологиясын дұрыс пайдалану, теориялық білім мен зерттеу |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | әдістерін практикада қолдану;<br>Дағды: алған білімдерін тәжірибеде қолдану; Қазақстанда мұражайларды құру және қалыптастыру шарттарын айқындау; кез келген тарихи кезеңде Еуропа мен Америкада мұражайларды құру және қалыптастыру шарттарын және оларды одан әрі дамыту перспективаларын айқындау; негізгі құжаттамамен жұмыс істеу. |
| | Арнайы құзыреттер | Әлем мұражайларының тарихы | 4 семестр | Білу әлемнің жетекші мұражайларының пайда болуы мен дамуының негізгі кезеңдері мен заңдылықтары, жалпы әлемдік тенденциялар контекстінде мұражайдың елдер жиынтығындағы мәдени нысан ретінде қалыптасу динамикасы, ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі әлеуметтік-мәдени институт ретінде мұражайдың қалыптасу және эволюция заңдылықтары; мұражайлардың қалыптасу процесінің негізгі алғышарттары мен шарттары мен компоненттері; Тарихи динамикасындағы мұражайлардың типологиясы; қалыптасу кезеңдері және коллекциялық әлемдегі ең ірі мұражай коллекцияларының құрамы (Еуропа, Азия, Африка, Америка).<br>Меңгеру: мәдени-тарихи дәуірлердің алуан түрлілігін бағдарлау; әлем мұражайларының типологиялық ерекшеліктерін бағдарлау; әлемнің жетекші мұражайларының қызметінде, олардың ерекшеліктерінде, мәдени байланыстардың алуан түрлілігінде; әлемдік тенденциялар контекстінде мұражай ісінің пайда болуы мен даму заңдылықтары тұрғысынан әлем мұражайларының тарихы фактілерін талдау;<br>Дағды: мұражайдағы артефактілерді талдау дағдылары( жазбаша және ауызша нысанда); баяндама, реферат нысанында зерттеу нәтижелерін ұсыну; зерттеу нәтижелерін таныстыру әдістері; мұражайтану саласында жаңа білім алу; қазіргі заманғы мұражайтанудың маңызды мәселелерін талдау; мұражай материалының отандық және шетелдік үлгілерін салыстыру және бағалау. |
| 5. | Арнайы құзыреттер | Теориялық деректану | 5 семестр | Білу: деректану теориясы мен әдіснамасының негіздері, тарихи дереккөздерді жіктеу және жүйелеу негіздері, дереккөздердің негізгі кешендері, тарихи дереккөздерді зерттеу әдісінің жалпы ғылыми және тарихи әдіснамадан өзара тәуелділігі; теориялық деректану мен деректану циклі пәндерінің негізгі ғылыми мәселелері, тарихи дереккөздердің типологиясы мен эволюциясының кезеңдері; деректану әдіснамасының дамуының негізгі кезеңдерін және олардың ерекшеліктерін білу.<br>Меңгеру: әртүрлі тарихи дерек көздерін талдау және түсіндіру, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | зерттеу жұмысында деректанулық талдау әдістерін тиімді пайдалану, зерттеу жұмысында тарихнамалық талдау әдістерін тиімді пайдалану, тарихнамалық талдаудың ғылыми әдіснамасы мен әдістері негізінде тарихи зерттеулерді талдау; курстың негізгі теориялық ұғымдарымен еркін жұмыс істеу;<br>Дағды: қазіргі заманғы тарихи деректанудың ғылыми құралдары мен тұжырымдамалық-категориялық аппаратын меңгеру; нақты проблемалық әдіснамамен және қойылған зерттеу міндетімен өзара байланыста деректанудың теориялық мәселелерін талдау дағдыларын меңгеру. |
| | Арнайы құзыреттер | Шет елдер тарихы бойынша дереккөздер | 5 семестр | Білу: шет елдер тарихының деректанулық негізгі кезеңдерін қалыптастыру, деректанудың қазіргі әдіснамалық мәселелерінің мазмұны.<br>Меңгеру: зерттеу жұмысында деректанулық талдау әдістерін тиімді пайдалану, зерттеу жұмысында тарихнамалық талдау әдістерін тиімді пайдалану, болашақ кәсіби қызметте осы пән бойынша базалық білімді пайдалану; дереккөздерге сыни көзқараспен қарайды; дереккөздерге салыстырмалы салыстырмалы талдау жасай білу, әртүрлі тарихи дереккөздермен жұмыс істеу.<br>Дағды: деректанудың ғылыми пән ретіндегі жалпы мәселелері және оларды зерттеу мәселелері, деректануды талдау әдістемесін, дереккөзді белгілі бір тарихи дәуірдің ескерткіші ретінде қабылдау, деректануды талдауды жүргізеді, дереккөздерді ажыратады. |
| 6. | Арнайы құзыреттер | Мұрағаттану | 5 семестр | Білу: архив негіздерін; архив ісінің тарихы мен ұйымдастырылуын, архивтердегі зерттеу жұмысының принциптері мен әдістерін; архив ісінің теориясы мен әдістемесін; архив құқығы мен архив заңнамасын; архивтердегі менеджмент пен маркетингті; архивтану саласындағы зерттеулерді ұйымдастыру мен жүргізудің негізгі әдістерін, құралдарын меңгеру; архивистің кәсіби қызметінің мақсаттарын, әдіснамасы мен тәсілдерін түсіну; архив бойынша іргелі білім, архив бойынша негізгі тұжырымдамалар мен теориялық зерттеулер;<br>Меңгеру: кәсіби қызметте архивтану ұғымдық аппаратын пайдалану; архивтік құжаттармен жұмыс істеу, құжаттың құндылығына сараптама жүргізу; архивтерді тарихи жадының басқа институттарынан ажырату; архивтердің жекелеген түрлерін бір-бірінен ажырату; ғылыми-зерттеу жұмысы процесінде архив материалдарын пайдалану; |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | Дағды: ақпаратты қорғау әдістерімен; құжаттардың құндылығын сараптау, архивтердегі зерттеу жұмысы; архивтердің түрлері мен түрлерінің негізгі ұғымдарымен; студент архив құжаттарымен жұмыс әдістемесі, архивтану негізгі ұғымдары, архивтану ғылыми-анықтамалық аппараты туралы түсінікке ие болуы тиіс. |
| | Арнайы құзыреттер | Қазақстан Республикасының мұрағат ісінің тарихы | 5 семестр | Білу: Қазақстанда архив ісінің пайда болу тарихы, Қазақстанда архив ісінің даму кезеңдері, архив ісінің тарихы мен ұйымдастырылуы, архивтерде зерттеу жұмысының принциптері, әдістері;<br>Меңгеру: мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеу, құжатты басылымға дайындау, құжаттардың құндылығына сараптама жүргізу; мұрағаттарды басқа тарихи жад институттарынан ажырату; мұрағаттардың жекелеген түрлерін бір-бірінен ажырату;<br>Дағды: Мұрағат түрлері мен түрлерінің негізгі ұғымдары; студент мұрағат құжаттарымен жұмыс істеу әдістемесі, мұрағаттанудың негізгі ұғымдары, мұрағаттанудың ғылыми-анықтамалық аппараты туралы түсінікке ие болуы тиіс, республикалық, облыстық және жергілікті маңызы бар архивтерде жұмыс істеу; музейтану саласында жаңа білімді өз бетінше алу; қазіргі заманғы архивтанудың маңызды проблемаларын талдау әдістерімен жүзеге асыра алады. |
| 7 | Арнайы құзыреттер | Ғылыми зерттеу негіздері | 5 семестр | Білу: ғылыми-танымдық қызмет процесі, ғылыми зерттеу процесін ұйымдастыру, оның құрылымы, ғылыми-зерттеу жұмысының ерекшелігі туралы білуі керек.<br>Меңгеру: кешенді ғылыми әдістер негізінде ақпаратты талдау, синтездеу және сыни тұрғыдан түсіну; эмпирикалық материалды жалпылау, жүйелеу; өзінің зерттеу жұмысының тарихи гипотезасын логикалық түрде растау немесе жоққа шығаруды меңгеру.<br>Дағды: ғылыми талдау технологияларын, зерттеу міндеттерін шешу әдістемесін меңгеру, ғылыми-зерттеу процесінің логикасын анықтау; ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. |
| | Арнайы құзыреттер | Тарихи зерттеу әдістері | 5 семестр | Білу: тарихи танымның арнайы әдістері, ғылыми зерттеу процесі, оның құрылымы, кезеңдері мен негізгі әдістері, олардың өзара байланысы мен өзара тәуелділігі; тарихи ғылым әдістерінің логикалық негіздері, тарихи таным принциптері;<br>Меңгеру: негізгі тұжырымдамалық тәсілдерге, отандық және дүниежүзілік тарихтың өзекті мәселелерінің тарихнамалық түсіндірмелеріне сүйене отырып, тарихтың даулы және пікірталас мәселелері туралы өз көзқарасын, пікірін дәлелдеу; тарихи ақпаратты |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | талдау, қорытындылау.<br>Дағды: ғылыми талдау технологияларын, зерттеу міндеттерін шешу әдістемесін меңгеру, ғылыми-зерттеу процесінің логикасын анықтау; ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. |
| 8. | Арнайы құзыреттер | Қазақ диаспорасының тарихи тағдыры | 6 семестр | Білу: Қазақстанның гуманитарлық ғылымындағы диаспорология, диаспорология ұғымдары мен категориялары, этникалық саясаттың негізгі ұғымдары - диаспора және ирредент, олардың теориялық-практикалық анықтамасы, қазақ диаспорасының қалыптасу процесінің кезеңдері және оның қазіргі жағдайы; мәселенің теориялық аспектілері, қазақ диаспорасын қалыптастырған және дамытқан тарихи процестерді айқындау,шетелдегі қазақтардың экономикалық, саяси, мәдени-тұрмыстық мәселелері;<br>Меңгеру: диаспорология ғылымының категориялық құрылымын ашу; тарихи құбылыстардың табиғатын, қазақ диаспорасын қалыптастырудың негізгі кезеңдерін талдау; тарихтың әртүрлі кезеңдеріндегі диаспоралардың қалыптасуының тарихи заңдылықтарын талдау; шетелде қазақ қоғамдастығын дамытудың өзекті мәселелерін жарыққа шығару; қазақ диаспорасының қазіргі дамуын ашу.<br>Дағды: отандық және шетелдік диаспорологиядағы диаспора проблемасына тарихнамалық тәсілдер; диаспораның дамуы туралы: мәдениеттердің, өркениеттердің, әлеуметтік тәжірибе нысандарының алуан түрлілігі мен өзара іс-қимылы, Қазақстанның әлемдік-тарихи үдерістегі орны туралы білімді меңгеру; оқыту курсының мазмұнын меңгеру. |
| | Арнайы құзыреттер | Қазақстанға жер аударылған халықтардың тарихы | 6 семестр | Білу: ХХ ғасырдың 20-50-ші жылдарындағы тоталитарлық жүйе кезеңіндегі саяси қуғын-сүргін тарихының әртүрлі аспектілері, ұлттық билік саясатының принциптері мен әдістері, Қазақстанға жер аударылған халықтарға қатысты саяси қуғын-сүргіннің объективті бейнесін қайта құру мәселелерін білуі керек.<br>Меңгеру: тарихи ақпаратты жинақтау; депортацияланған халықтарды босату процесін және оларды репатриациялау мен оңалту проблемаларын талдау; мемлекеттік саясат шеңберінде де, республикадағы қоныс аударушылардың жағдайына сүйене отырып, әртүрлі депортацияланған халықтардың жалпы және ерекше құқықтық жағдайын, мәдениеттердің әртүрлілігі мен айырмашылығын, толеранттылық ұстану, жанжалды жағдайларды шешу қабілетін |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | анықтау; курстың білімін құрылымдау; зерттеу жұмысының әдістері мен әдістерін жасауға ықпал ету;<br>Дағды: библиографиялық көрсеткіш жасауға, баяндамаларды талқылауға, пікірталас жүргізуге үйрету; ұлттық тарихты құрметтеуге тәрбиелеу. |
| | Арнайы құзыреттер | Қазақ хандығы: ұлттық мемлекеттіліктің тарихи тәжірибесі | 6 семестр | Білу: Қазақ хандығының дамуының негізгі кезеңдері мен заңдылықтары, жаңа тұжырымдамалық тәсілдер контекстінде, қазақ ұлтының қалыптасу кезеңдері, әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени процестер, қазақ хандығының саяси тарихы, қазақ халқының көшпелі өркениет жүйесіндегі рөлі мен орны; Ресейдің отарлау қозғалысының процестері, отарлау нәтижелері, оның салдары; көшпенділердің рухани әлемінің эволюциясы және олардың Еуразиялық әлем өркениетіне қосқан үлесі;<br>Меңгеру: тарихи өткенді талдау, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуы мәселелері бойынша алған білімдерін практикада қолдану, оқиғалардың себеп-салдарлық байланыстарын анықтау; тарихи дереккөздер негізінде қоғамдық өмірдің тарихи фактілерін, оқиғалары мен құбылыстарын салыстырмалы талдауды жүзеге асыру; қазіргі тарихи әдебиетке сүйене отырып, тарихи оқиғларды сипаттау, талдау;<br>Дағды: тарихи ғылымның ғылыми категориялық-тұжырымдамалық аппаратын қолдану дағдылары; көшпелі өркениеттер тарихы мен дамуындағы ортақ және ерекшелгін анықтау дағдылары; қазақ хандығының тарихи оқиғаларының себептері мен салдарын тарихи сипаттау және талдау әдістері, қазақ қоғамдарының дамуының негізгі кезеңдері мен заңдылықтарын тарихи талдау әдістері; тарихи дереккөздер мен құжаттарды талдау негіздері, ғылыми зерттеулер мен жарияланымдарды жүйелеу негіздері; тарихи процесті салыстырмалы және жүйелі талдау дағдылары; |
| | Арнайы құзыреттер | Көшпелі қазақ өркениеті | 6 семестр | Білу: әлемдік тарих контекстіндегі көшпенділікті зерттеудегі теориялық-әдіснамалық тәсілдер, тұжырымдамалар және олардың эволюциясы, көшпелі қоғамды типологиялық талдау тәсілдерінің, тұжырымдамалары мен теорияларының алуан түрлілігі; көшпенділік құбылысы, оның әртүрлі қоғамдар мен мәдениеттер арасындағы байланыстырушы буын ретіндегі рөлі; көшпенділік өндіріс тәсілінің пайда болуы мен дамуының заңдылықтары мен ерекшеліктері;<br>Меңгеру: көшпелілер өркениетінің пайда болуы мен дамуының |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | негізгі заңдылықтары мен ерекшеліктерін тұжырымдау және жалпылау; көшпенділік құбылысын ашу, көшпенділіктің әртүрлі қоғамдар мен мәдениеттер арасындағы байланыстырушы буын ретіндегі рөлін айқындау; көшпелі қазақ қоғамының дамуының тарихи жолдарын талдау; көшпелі халықтардың экономикалық және мәдени өмірінің даму ерекшеліктерін көрсету;<br>Дағды: Қазақстан аумағындағы, еуразиялық және әлемнің басқа өңірлеріндегі көшпелі қоғамдарды теориялық жалпылау және салыстырмалы талдау дағдылары;көшпенділік дамуының тарихи кезеңдерінің тұтас бейнесін ұсыну дағдылары; қоғам мен тіршілік әрекетін ұйымдастырудың ерекше тәсілі ретінде көшпенділіктің мәнін зерттеу дағдылары; тарихнамалық шолу, проблеманы зерделеу дәрежесін айқындау дағдылары; |
| 9. | Арнайы құзыреттер | Қазақ халқының рухани - мәдени мұрасы | 6 семестр | Білу: қазақ халқының тарихи-мәдени құндылықтары, рухани мәдениет ұғымы мен құрылымы, қазақ халқының ежелгі кезеңіндегі рухани мәдениеттің негізгі мазмұны мен қалыптасқан көп ғасырлық тарихи көшпенділіктің мәдени аспектілері, сақ-үйсін және ежелгі түркі дәуірінің өнері мен мифологиясының даму ерекшеліктері туралы білуі қажет.<br>Меңгеру: тарихи-мәдени өткенді талдау, рухани-мәдени процестердің қайшылықтары мен тенденцияларын анықтау, қазақ ағартушылығының мәнін ашу; халықтың рухани мұрасының негізгі мазмұнын көрсету және ашу, дербес қорытындылар мен қорытындылар жасау; оқиғалардың, процестердің нәтижелері мен мәнін дербес бағалау, өз көзқарасын еркін, сауатты баяндау.<br>Дағды: қазақ мәдениетінің негізгі даму тарихын, қазақ халқының мәдениетінің бастауларын; әлемдік және қазақстандық мәдениеттану саласының жетістіктерін; қазақтардың дәстүрлі әлеуметтік, діни, көркем мәдениетінің типологиясын білу және түсіну; пікірталас жүргізу қабілеті; ұлттық тарихқа құрметпен қарауға тәрбиелеу; өз көзқарасын еркін, сауатты және дербес жеткізу дағдыларын меңгеру. |
| | Арнайы құзыреттер | Қазақ халқының материалдық мәдениеті | 6 семестр | Білу: қазақ халқының ұлттық мәдениетінің қалыптауының тарихы, негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері; ұлттық мәдениеттің негізгі тұжырымдамалары; қазақ халқының материалдық мәдениетінің ерекшеліктері туралы жалпы түсінік; материалдық мәдениеттің негізгі компоненттерінің (тұрғын үйлер, тамақ, киім, еңбек құралдары, қолөнер, қозғалыс құралдары және т. б.) даму тетіктері мен кеңістігі; |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | материалдық мәдениеттің нысандарын, қазақ халқының тұрмысы мен әдет-ғұрыптарының тарихымен байланысты ұлттық мәдениеттің бір бөлігі жайлы білуі керек.<br>Меңгеру: қазіргі кезеңде және тарихи тұрғыдан қазақ халқының мәдениетін зерттеудегі материалдық мәдениеттің маңыздылығын бағалау; тарихи, этнографиялық деректермен мен материалдарды талдау, оларды сыни тұрғыдан бағалау, қазақ халқының материалдық мәдениетінің күрделі әлеміне сипаттама беруді меңгеруі керек;<br>Дағды: пән бойынша әдебиеттермен, ғылыми монографиялармен жұмыс істеу, олардан қажетті мәліметтерді алу және талдау; ұлттық мәдениет құбылыстарын талдау дағдылары, ұлттық мәдениеттің түрлері мен нысандарын жіктеу қабілеті; қазақтардың материалдық мәдениетін, ұлттық мәдениетті этнологиялық және тарихи зерттеу әдістерінің әдіснамалық қағидаттарын, әдістерін зерделеу жөніндегі ғылыми әдістер кешені; ұлттық мәдениеттің тарихи, этникалық, мәдени процестерін ғылыми талдау дағдыларын қалыптастыру. |
| 10. | Арнайы құзыреттер | Қазақ халқының этнографиясы | 6 семестр | Білу: дәстүрлі қазақ қоғамының этно-әлеуметтік және шаруашылық-мәдени құрылымы, оның өмір сүру салтының ерекшеліктері, қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы және қазақ халқының этнографиялық тарихы жайлы біледі.<br>Меңгеру: қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлерінің пайда болуы мен даму процесін талқылау, қазақ халқын этнологиялық зерттеудің ғылыми әдістері мен әдіснамалық принциптерінің кешенімен танысып, оларды талқылауды меңгереді.<br>Дағды: тарихи зерттеулердің теориясы мен әдістерін білу; тарихи дереккөздердің әртүрлі түрлерімен кешенді жұмыс істеу дағдылары; қазақ халқының этнографиясы бойынша негізгі тарихи ақпаратты түсіну, сыни талдау және баяндау дағдылары қалыптасады. |
| | Арнайы құзыреттер | Түркі халықтарының тарихы | 6 семестр | Білу: түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті туралы біртұтас процесс ретінде қарау, дүниежүзілік тарихтың құрамдас бөлігі ретінде түркі халықтарының маңызы мен алатын орны жайлы, түркі халықтары мен Қазақстан тарихы бойынша дереккөздерді білуі керек.<br>Меңгеру: түркі тайпалары мен халықтарының қалыптасу тарихын көрсету, отан тарихының өзекті мәселесі ретінде түркі халықтарының тарихи сабақтастығы жайлы талдау және түркі халықтарының тарихта алатын орны туралы тұжырымдамалрды сиапттауды меңгеруі керек.<br>Дағды: дүниетанымдық сипаттағы жүйелі білім дағдылары; түркі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | жазба ескерткіштері мен түркі халықтарының арнайы тарихи әдебиеттеріне ерекше назар аудара отырып, дереккөздермен - жазбаша, ауызша, этнографиялық, лингвистикалық, археологиялық деректерді талдау дағдылары. |
| | Арнайы құзыреттер | Тарихты оқыту әдістемесі | 6 семестр | Білу: оқыту әдістері, оқу іс-әрекетінің әдістері; негізгі тарихи фактілерді баяндаудың негізгі әдістері; тарихты оқытудың негізгі әдістемесі; тарихты оқытудағы инновациялар; ақпараттық материалды таңдауға қойылатын талаптар; күнтізбелік жоспарлау құрылымы, оның ерекшелігі мен маңыздылығы; оқытудың жаңа технологиялары; оқытудың модульдік технологиясының сипаттамалары мен ерекшелігі туралы білуі керек.<br>Меңгеру: педагогикалық қызметтің негізгі аспектілерін анықтау; әлеуметтік-маңызды проблемалар мен процестерді ғылыми талдау; заманауи білім беру технологияларын пайдалана отырып, жаңа білім алу; ғылыми негізде өз еңбегін ұйымдастыру, оның кәсіби қызмет саласында қолданылатын ақпаратты жинау, сақтау және өңдеу әдістерін меңгеру;<br>Дағды: логикалық ойлауды, педагогикалық талдау әдістерін қолдану, білім беру ерекшеліктерін түсіну, әртүрлі жастағы оқушылардың білім берудегі сабақтастығын жүзеге асыру құралдарын меңгеру; тарихи ойлауды қалыптастыру, теориялық білімді практикада қолдану, орта мектеп оқушыларын оқыту әдістерін, технологияларды, компьютерлік модельдеу әдістерін қолдану; |
| 11 | Арнайы құзыреттер | Әлемдік қауымдастықтағы Қазақстан Республикасы | 7 семестр | Білу: мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары, Қазақстан егемендік алғаннан кейінгі әлемдік қауымдастығы орны мен маңызы, Қазақстанның негізгі сыртқы саясатындағы даму бағыты мен өзекті мәселелері жайлы, ҚР сыртқы саясатының қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтары мен тенденцияларын, қазіргі кезеңдегі ҚР сыртқы саясатының дамуы бағыты; Қазақстан Республикасының әлемдік ұйымдарға мүше болуы туралы біледі.<br>Меңгеру: Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының негізгі бағдары;Қазақстан Республикасының қазіргі саяси жағдайын талдау; ҚР сыртқы саяси бағытын әзірлеу ерекшеліктерін талдауға; ҚР-ның жекелеген елдермен ынтымақтастығын дамытудың жетекші үрдістерін; жекелеген елдермен ынтымақтастықтың негізгі нысандары мен әдістері туралы жүйелі түсінікке ие болуға, сондай-ақ халықаралық ұйымдармен; Қазақстандағы халықаралық саяси өмірді, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | геосаяси жағдайды, қазіргі әлемдегі ҚР орны мен мәртебесін түсіне білу;<br>Дағды: ҚР сыртқы саясатының негізгі кезеңдерін тарихи талдау әдістерін; тарихи дереккөздер мен құжаттарды талдау негіздерімен, ғылыми зерттеулер мен жарияланымдарды жүйелеу және негіздерімен; тарихи процесті салыстырмалы және жүйелі талдау дағдыларын; ғылыми әдебиеттерді іріктеу және зерделеу және оны оқу және зерттеу қызметінде пайдалану дағдыларын қалыптастыру; |
| | Арнайы құзыреттер | Қазақстан Республикасының дипломатиясының тарихы | 7 семестр | Білу: ұлттық-мемлекеттік құрылыс контексіндегі Қазақстан Республикасының дипломатиясының тарихы, сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын айқындау мәселелері мен Қазақстан Республикасындағы дипломатиясының даму кезеңдері туралы біледі.<br>Меңгеру: халықаралық құқық нормалары негізінде бейбітшілікті, қауіпсіздікті, ядролық қарусыздануды нығайту, әскери жанжалдардың алдын алу үшін қазақстандық дипломатияның БҰҰ, ЕҚЫҰ және басқа да халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысуын талдау.<br>Дағды: Қазақстан Республикасы дипломатиясының ерекшеліктерін түсіндіру. Қазақстан Республикасының әлем елдерімен заманауи дипломатиялық қатынастары, сыртқы саясаттың негізгі бағыттары, көпвекторлы сыртқы саясат моделін жүзеге асыру қажеттілігі туралы баяндайды. |
| 12 | Арнайы құзыреттер | Қазақстанның экономикалық тарихы | 7 семестр | Білу: Қазақстан экономикасының генезисінің кезеңдері және оның әртүрлі тарихи кезеңдердегі экономикалық жағдайы. Қазақстандағы экономикалық реформалардың тарихы мен барысы туралы білу.<br>Меңгеру: тарих саласындағы білімі мен түсінігін көрсету, тарихи дамудың жалпы тенденциялары контексіндегі қоғамдық-саяси жүйелердің, мемлекеттік-құқықтық институттардың, экономикалық, әлеуметтік процестердің деңгейлерін салыстыру, экономиканы дамытудың қазақстандық моделінің артықшылықтары, ерекшеліктері мен маңыздылығын объективті және жан-жақты түсіне білу; Қазақстан Республикасының экономикасының тарихы туралы тұтас түсінік қалыптастыру;<br>Дағды: Қазақстанның экономикалық тарихын теориялық жалпылау және салыстырмалы талдау дағдыларын; экономиканың дамуының тарихи кезеңдерінің тұтас бейнесін қалыптастыру дағдыларын меңгеру; кеңестік кезеңдегі мемлекеттің экономикалық саясатының негізгі бағыттарын және Қазақстанның қазіргі заманғы нарықтық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | экономикадағы моделін түсіндіру. |
| | Арнайы құзыреттер | Тәуелсіз Қазақстан тарихы | 7 семестр | Білу: Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу тарихы мен ішкі және сыртқы саясатының қалыптасуы мен дамуы жайлы,дүниежүзілік және еуразиялық тарихи үдеріс контекстінде тәуелсіз қазақстан мемлекетінің қалыптасуының тарихи негіздері мен кезеңдері; конституцияның қабылдануы, тәуелсіз Қазақстанның демократияландыру мәселелері туралы біледі.<br>Меңгеру: Егемен Қазақстанның қалыптасу кезеңдерінің дамуы, тәуелсіз ҚР-мен сабақтастығы мен өзара байланысын көрсету; қазіргі Қазақстан тарихын зерттеудегі қазіргі теориялық-әдіснамалық перспективаларды талдау, Қазақстандағы тарихи-саяси процестердің дамуы, қазақстандық даму моделінің ерекшеліктері мен маңызы туралы білім меңгереді.<br>Дағды: қазіргі Қазақстанның күрделі тарихи процестерін зерделеу кезіндегі аналитикалық және аксиологиялық талдау; тарихи танымның ғылыми әдісімен, тарихи дереккөздермен, оқу және ғылыми әдебиеттермен, интернет-көздермен жұмыс істеу, олардан ақпаратты алу және түсіндіру; тарихи процесті салыстырмалы және жүйелі талдау дағдылары; қазіргі заманның тарихи оқиғалары мен құбылыстарын сыни тұрғыдан түсіну қабілеті. |
| 13 | Арнайы құзыреттер | Қазақстан тарихының тарихнамасы мен деректануы | 7 семестр | Білу: деректану теориясы мен әдіснамасының негіздері, тарихи дереккөздерді жіктеу және жүйелеу негіздері, Қазақстан тарихы бойынша дереккөздердің негізгі кешендері, тарихи дереккөздерді зерттеу әдісінің жалпы ғылыми және тарихи әдіснамасы; отандық тарихнаманың қалыптасуы мен даму кезеңдері, тарихтың әртүрлі кезеңдеріндегі тарихи білімнің даму деңгейі, тарихнаманың негізгі ұғымдары;<br>Меңгеру: зерттеу жұмысында деректанулық талдау әдістерін тиімді пайдалану, зерттеу жұмысында тарихнамалық талдау әдістерін тиімді пайдалану, тарихнамалық талдаудың ғылыми әдіснамасы мен әдістері негізінде тарихи зерттеулерді талдау; курстың негізгі теориялық ұғымдарымен еркін жұмыс істеу; тарихнамалық фактілерді жүйелеу және осы негізде дәлелді тұжырымдар қалыптастыру; тарихи мектептер мен бағыттарды қалыптастыру процесін зерттеу процесінде пәнаралық тәсілдерді қолдану;<br>Дағды: тарихи әдебиетті іріктеуге ғылыми көзқараспен қарау, Қазақстан тарихы бойынша дереккөздерді ішкі және сыртқы сынау |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | дағдылары, тарихнамалық фактілерді талдау дағдылары, тарихи әдебиетті дербес тарихнамалық талдау дағдылары, тарихшылардың тарихи тұжырымдамаларындағы белгілі бір тарихи процестерді бағалау тәсілдері, деректің өзіндік ерекшелігін анықтау дағдылары, тарихнаманы түсіндіру және талдау дағдылары, ақпаратты жинау және талдау. |
| | Арнайы құзыреттер | Тарих ғылымының даму тарихы | 7 семестр | Білу: тарихи білімнің қалыптасуы және тарихи ойдың эволюциясы, тарихи білімді кәсібилендіру, тарихты ғылыми пән ретінде қалыптастыру процесі; тарихи дамуындағы өткенді тану мен қабылдаудың әртүрлі формалары туралы білуі керек.<br>Меңгеру: тарихнамалық дереккөздермен жұмыс істеу; тарихи білімнің барлық алуан түрлілігіне бағдарлану; белгілі тарихнамалық фактілерді талдау, қосымша ақпаратты өз бетінше іздеуді жүзеге асыру, тарих ғылымының қазіргі даму тенденцияларын болжау, алған білімдерін практикалық оқу іс-әрекетінде қолдану; тарихнамалық талдаудың ғылыми әдіснамасы мен әдістері негізінде тарихи зерттеулерді талдауды меңгеруі керек;<br>Дағды: алынған ақпаратты өңдеу дағдыларын меңгеру; тарихи әдебиетке ғылыми көзқараспен гуманитарлық ғылымдар саласындағы толыққанды маманға қажет тарихнамалық мәдениет; тәуелсіз тарихнамалық талдау дағдылары; тарихшылардың тарихи тұжырымдамаларында белгілі бір тарихи процестерді бағалау тәсілдеріндегі жалпы тенденцияларды, өзіндік ерекшеліктерін анықтау дағдылары қалыптасады. |
| 14 | Арнайы құзыреттер | XX ғасырдағы Қазақстан тарихындағы ұлт зиялылары | 7 семестр | Білу: 19-20 ғасырдың басында Қазақ ұлттық зиялыларының қалыптасу тарихы мен "Алаш" партиясы, Алаш-Орда үкіметін құрудағы рөлі, қазақ зиялылары өкілдерінің қызметі мен шығармашылығы туралы білуі керек.<br>Меңгеру: негізгі тарихи оқиғаларға баға беру, себеп - салдарлық байланыстарды анықтау мақсатында тарихи оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді талдау; қазақ зиялыларының тарихи дамуы, ұлт зиялыларының негізгі қызметі және халық үшін жасаған еңбектері туралы білімді меңгеруі керек.<br>Дағды: тарихи оқиғаларды талдау дағдылары; тарихи тұлғаларды, оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді салыстыру дағдылары; тарихи оқиғалар, процестер, құбылыстар, олардың отандық тарихқа әсерін баяндау қабілеті. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Арнайы құзыреттер | Қазақстандағы ұлт - азаттық қозғалыстар тарихы | 7 семестр | Білу: Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихының себеп салдары мен қорытындылары туралы, 1783-1797жж. Кіші жүздегі Сырым Датұлы бастаған ұлт азаттық қозғалысы, 1836-1838 жж Бөкей ордасындағы Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы көтерілісі, 1837-1847жж Кенесары ханның ұлт-азаттық көтерілісі және 1916 ж. ұлт - азаттық көтерілісінің себеп-салдарлық байланыстары мен алғышарттары, оқиғалардың барысы мен нәтижелері туралы білуі керек.<br>Меңгеру: негізгі оқиғаларға баға беру; Ресей империясы құрамындағы Қазақстанның жағдайын сипаттау; 1916 жылғы революция кезіндегі Қазақстанның жағдайын сипаттау; тарихи оқиғаларға баға беру; Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнау ерекшеліктерін және азаматтық қарама-қайшылықтың себептерін ашу; әлеуметтік-экономикалық және саяси өмір туралы өз пікірін білдіру;<br>Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстардың салдарын талдау;<br>Дағды: тарихи оқиғаларды, процестерді, құбылыстарды, жеке тұлғаларды олардың отан тарихындағы орны мен маңызын бағалайды; олардың тарихи шарттылығына сүйене отырып, қазіргі өмір құбылыстарына қатысты өз ұстанымын анықтауда дағдыларды қолдану; тарихи материалдармен жұмыс істеу дағдылары. |
| 15 | Арнайы құзыреттер | Шығыс және Батыс елдерінің тарихнамасы | 7 семестр | Білу: Батыс және Шығыс елдерінің тарихнамасын, тарихи дереккөздердің жіктелуін, тарихи дереккөздерді талдау әдістемесін, Шығыс және Батыс елдеріндегі тарихи оқиғаларды, сондай-ақ белгілі бір тарихи мәселелер бойынша ғылыми білімнің жинақталу динамикасын білу.<br>Меңгеру: ғылыми-зерттеу қызметінде шетелдік тарихнаманың қазіргі заманғы бағыттары бойынша білімді қолдану; шетелдік тарихнаманың аса маңызды теориялары мен тұжырымдамаларына сипаттама беру; теориялық мәселелерді білу негізінде өзіндік ғылыми, зерттеу жұмысының кезеңдерін жоспарлау; өз зерттеуінің объектісі мен нысанасын анықтау, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін тұжырымдау; зерттеу принциптерін негіздеу; хронологиялық салыстырмалары талдау жасауды меңгеру.<br>Дағды: нақты тарихи проблемаларды талдау кезінде сыни және дербес ойлау, тарихи ұғымдар мен категорияларды; мультимедиялық құралдарды пайдалана отырып материалды таныстыру тәсілдерін меңгеру дағдыларын қалыптастыру; |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
